Бекітемін
«ІнжуНұр» балабақшасы мекемесінің
меңгерушісі Ж.А.[illegible]
«[illegible]» [illegible] 2025 жыл

**« ІнжуНұр»балабақшасы» мекемесі бойынша 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары**

**Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, тәрбие-білім беру үдерісінің сапасын арттыру, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру және ата-аналармен тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

| № | Іс-шаралар мазмұны | Уақыты | Жауаптылар | Нәтиже (құжат) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту, қызмет бағыттарын айқындау, жылдық жоспарды талқылау және бекіту | Қыркүйек | Әкімшілік, кеңес төрағасы | Хаттама, бұйрық |
| 2 | Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасына талдау жүргізу | Қыркүйек | Кеңес мүшелері | Акт, талдау анықтамасы |
| 3 | «Қауіпсіз балабақша» бағыты бойынша ішкі мониторинг жүргізу | Қазан | Әкімшілік, кеңес мүшелері | Мониторинг актісі |
| 4 | Балалардың тамақтану сапасына қоғамдық бақылау ұйымдастыру | Қараша | Кеңес мүшелері, педагог-психолог | Тексеру актісі |
| 5 | Ата-аналармен кері байланыс орнату (сауалнама жүргізу) | Желтоқсан | Әдіскер, кеңес мүшелері | Сауалнама қорытындысы |
| 6 | Қамқоршылық кеңестің отырыстарын өткізу және шешімдердің орындалуын бақылау | Жыл бойы | Кеңес төрағасы | Хаттамалар |
| 7 | Білім беру үдерісінің сапасына қоғамдық қатысу (ашық іс-шараларға қатысу) | Қаңтар | Кеңес мүшелері | Анықтама |
| 8 | Балалардың денсаулығын сақтау шараларын бақылау | Жыл бойы | Әкімшілік, кеңес мүшелері | Бақылау парағы |
| 9 | Әлеуметтік осал отбасыларды анықтау және көмек ұйымдастыру | Ақпан | Педагог-психолог, | Тізім, акт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | кеңес мүшелері | |
| 10 | Наурыз мерекесіне орай іс-шараларға қатысу | Наурыз | Әкімшілік, кеңес мүшелері | Есеп |
| 11 | Ұйым басшысының жылдық есебін тыңдау | Мамыр | Кеңес мүшелері | Хаттама |
| 12 | Жыл қорытындысы бойынша талдау және ұсыныстар әзірлеу | Мамыр | Кеңес төрағасы | Талдау есебі |
| 13 | Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акция ұйымдастыру | Маусым | Кеңес мүшелері | Есеп |

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Тоқмаханова Ж

Хатшы: Сарсенбаева Г

# №1 ХАТТАМА

**«ІнжуЦұр» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы**

**Өткізілген күні: 05.09.2025 ж.**

**Қатысқандар:** Балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.**Күнтәртібі:**

1. Балабақшадағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға материалдық көмек көрсету және әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында қамқоршылық кеңес құру.

2. Қамқоршылық кеңестің ережесін бекіту.

3. Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау.

**Тыңдалды:** 1-ші мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрағасы Имашева Б сөзалып, ҚР Оқу-ағартуминистрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілгенҮлгіліккағидалармен таныстырды. Балабақшада әлеуметтік қолдауды қажет ететін (аз қамтылған, толық емес отбасы, ЕРЕКШЕ білімді қажет ететін) балалар бар болған жағдайда ,кеңес құру қажеттілігін негіздеді.

2-ші мәселебойынша: Қамқоршылық кеңестің ережесі талқыланды. Кеңес өз қызметін Ереже, Жарғы жәнезаңнама негізінде жүзеге асыратыны бекітілді.

3-ші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Тоқмаханова Ж. сөз сөйлеп, материалдық-техникалық базаны нығайту, қайырымдылық шараларын өткізу және демеушілер тарту жоспарын айтты. Кеңес құрамына 7 кандидат ұсынылды (Рысбаева Г.И., Назарбаева М., Атымтай Ж., Қамбарова Н., Зекен А., Бектурова Г., Нуралиев А.).

**Шығыпсөйлесушілер:**

Зекен Айдана: Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жүйелі көмек көрсету үшін қайырымдылық жәрмеңкелерін өткізуді ұсынды.

Нуралиев Аралбай: Балабақша жұмысына белсенді қатысып, демеушілік көмек көрсетуге дайын екенін білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2025–2026 оқу жылына қамқоршылық кеңес құрылсын және оның қызметі бекітілген Ереже негізінде жүзеге асырылсын.

2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілсін.

Кеңесқұрамы мен төрағасы Тоқмаханова Ж.бірауыздан бекітілсін.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Имашева Б
**Хатшы: Сарсенбаева Г**

**№2 ХАТТАМА**

**«ІнжуНұр» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестіңжиналысы**

**Өткізілгенкүні: 14.11.2025 ж.**

**Қатысқандар: Кеңес төрағасы, балабақша әкімшілігі, кеңес мүшелері, педагог-психолог.**

**Күнтәртібі:**

1. «Қауіпсіз балабақша» бағыты бойынша ішкі мониторинг қорытындысы.
2. Балалардың тамақтану сапасына қоғамдық бақылау ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

1-ші мәселебойынша: Балабақша әкімшілігі мен кеңес мүшелері қазан айында жүргізілген «Қауіпсіз балабақша» мониторингінің қорытындысымен таныстырды. Балабақшаның бейне бақылау жүйесі, өртқауіпсіздіг және топтардағы жиһаздардың бала өміріне қауіпсіздігі тексеріліп, тиісті акті толтырылғаны айтылды.

2-ші мәселебойынша: Кеңес төрағасы Имашева Б қараша айында балалардың тамақтану сапасын тексеру бойынша қоғамдық бақылау тобын құруды ұсынды. Педагог-психолог және кеңес мүшелері тағамдардың дайындалу сапасы мен ас мәзірінің сақталуын бақылайтынын жеткізді.

Шығып сөйлеушілер:

Назарбаева Мира (Санитариялық-эпидемиологиялық басқарманың бас маманы): Ас блогының санитарлық талаптарға сәйкестігін және өнімдердің сақталу мерзімін тұрақты қадағалау қажеттігін ескертті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қауіпсіз балабақша» бағыты бойынша жүргізілген мониторинг актісі бекітілсін.
2. Балалардың тамақтану сапасын тексеру жұмыстары ұйымдастырылып, нәтижесі бойынша арнайыТексеру актісі әзірленсін.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Имашева Б

**Хатшы: Сарсенбаева Г**

# №3 ХАТТАМА

**«ІнжуНұр» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы**

Өткізілгенкүні: 22.01.2026 ж.

Қатысқандар: Кеңес төрағасы, әдіскер, кеңес мүшелері, ата-аналар өкілдері.

Күнтәртібі:

1. Желтоқсан айында ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы.

2. Білім беру үдерісінің сапасына қоғамдыққатысу (ашық іс-шаралар).

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша: Балабақша әдіскері сөз алып, желтоқсан айында ата-аналар мен кері байланыс орнату мақсатында жүргізілген сауалнаманың нәтижесін жариялады. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың балабақша жұмысына, тәрбие сапасына көңілі толатыны, алайда материалдық базаны дамыту бойынша ұсыныстар бар екені айтылды.

2-ші мәселе бойынша: Қаңтар айында өткізілетін ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәрбиесағаттарына кеңес мүшелерінің қатысу кестесі талқыланды.

Шығып сөйлеушілер:

ҚамбароваНұрсұлу (Мұғалім): Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі нарттыру және ашық сабақтар арқылы ата-аналарсенімін нығайту маңызды екенін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ата-аналар арасындағы сауалнама қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Білім беру үдерісінің сапасына қоғамдық бақылау жүргізіліп, қатысу қорытындысы бойынша Анықтама дайындалсын.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Имашева Б
**Хатшы:** Сарсенбаева Г

# №4 ХАТТАМА

**«ІнжуНұр» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы**

**Өткізілгенкүні: 19.02.2026 ж.**

Қатысқандар: Кеңес мүшелері, педагог-психолог, балабақша әкімшілігі.

Күнтәртібі:

1. Балабақшадағы әлеуметтік осал отбасыларды анықтау және оларға көмек ұйымдастыру.

2. Наурыз мейрамына орай өткізілетін іс-шараларға дайындық.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша: Педагог-психолог сөз сөйлеп, ақпан айында балабақша бойынша әлеуметтік осал (аз қамтылған, көпбалалы, толық емес) отбасылардың нақтыланған тізімін ұсынды. Осы отбасылардан шыққан балаларға материалдық және әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету жолдары қаралды.

2-ші мәселе бойынша: Наурыз мерекесіне орай балабақшада өтетін мәдени шаралар мен қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастыруға кеңес мүшелерінің атсалысуы сөз болды.

Шығып сөйлеушілер:

Жанабаев С. (Тәрбиеші): Әлеуметтік осал топтағы балалардың мерекелік шараларға толық қатысуын қамтамасыз етуді және оларға сыйлықтар ұйымдастыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік осал отбасылардың бекітілген Тізімі мен Актісі негізінде демеушілер есебінен көмек көрсету ұйымдастырылсын.

2. Наурыз мерекелік іс-шараларына кеңес мүшелері белсенді қатысып, қорытынды есебі дайындалсын.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Имашева Б
**Хатшы:** Сарсенбаева Г

**№5 ХАТТАМА**

**«ІнжуНұр» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы**

Өткізілгенкүні: 20.05.2026 ж.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, кеңес төрағасы, кеңес мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Ұйым басшысының 2025–2026 оқу жылы бойынша жылдық есебін тыңдау.

2. Қамқоршылық кеңестің жыл қорытындысы бойынша талдау есебі және ұсыныстар әзірлеу.

3. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық акциясын жоспарлау.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Тоқмаханова Ж 2025–2026 оқу жылында атқарылған тәрбие-білім беру, қаржылық-шаруашылық жұмыстары және материалдық-техникалық базаның дамуы туралы жылдық есебін берді.

2-ші мәселе бойынша: Кеңес төрағасы Имашева Б қамқоршылық кеңестің жыл бойы атқарған жұмыстарының (тамақтануды бақылау, қауіпсіздік мониторингі, әлеуметтік көмек) талдау есебін оқып, келесі оқу жылына арналған ұсыныстарды ортаға салды.

3-ші мәселе бойынша: Маусым айының басында өтетін Балаларды қорғау күніне арналған қайырымдылық акциясының жоспары қаралды.

Шығып сөйлеушілер:

Жолмурзаева А (Медбике): Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау шараларының дұрыс жүргізілгенін және бұл бағыттағы бақылау парақтарының нәтижесі жоғары екенін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балабақша меңгерушісінің жылдық есебі қанағаттанарлық деп танылып, мақұлдансын.

2. Қамқоршылық кеңестің жылдық талдау есебі бекітіліп, тиісті ұсыныстар басшылыққа алынсын.

3. Маусым айында «Балаларды қорғау күніне» орай қайырымдылық акциясы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, есебі тапсырылсын.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** Имашева Б

**Хатшы:** Сарсенбаева Г